

Мәслихаттың 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 262 "Жер салығының базалық ставкасын 50 пайызға көтеру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2015 жылғы 11 наурыздағы № 278 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 сәуірде № 5513 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 01.04.2016 № 18 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес және жерлерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 262 "Жер салығының базалық ставкасын 50 пайызға көтеру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-120 тіркелген, 2010 жылғы 26 ақпанда "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының

кезекті сессиясының төрағасы

Қостанай аудандық

мәслихатының хатшысы

В. Двуреченский

А. Досжанов

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер Департаментінің "Қостанай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" Республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б. Сулейменов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК